«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да АШЫҚ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛЫ ТҮРДЕ КАДРЛАРДЫ ТАҢДАУ ЖОБАСЫ ІСКЕ АСУДА 3 бет

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№69 (2452) 30/07/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Мухтар МАХАМБЕТ,

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЕНЕРАЛЬНОГО ДИРЕКТОРА АО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

“МЫ СТАРАЕМСЯ ПОСТОЯННО СОВЕРШЕНСТВОВАТЬ ТЕХНОЛОГИЮ РАБОТЫ СТАНЦИИ САРЫАГАШ. ЭТО ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗКИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И УЗБЕКИСТАНОМ. ЕСЛИ РАНЬШЕ ПО СТАНЦИИ МЫ МОГЛИ ПРОИЗВОДИТЬ ОБМЕН 22 ПАР ПОЕЗДОВ, ТО ПО НОВОМУ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОМУ ПРОЦЕССУ ПРЕДУСМАТРИВАЕТСЯ ОБМЕН БОЛЕЕ 30 ПАРАМИ ПОЕЗДОВ В СУТКИ”

НОВОСТИ

БИЛЕТЫ СТАНУТ ДЕШЕВЛЕ

Между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и АО «Узбекистон темир йуллари» состоялись переговоры по снижению стоимости билетов на скоростной поезд «Тұлпар-Тальго» №001/002 сообщением Ташкент – Алматы – Ташкент.

В рамках Года Казахстана в Узбекистане стороны договорились снизить стоимость билетов на поезда «Тұлпар-Тальго».

На встрече было принято решение, начиная с 1 августа 2019 года будут действовать дополнительные скидки к стоимости тарифа, применяемого ҚТЖ в период продажи билетов.

К примеру, 25%-ная скидка предоставляется, если билет приобретен за пять суток до отправления поезда, 15% – на вагоны сидячего типа. Также предоставляется скидка 53% на комиссионный сбор.

В скором времени планируется рассмотреть вопрос по дополнительному снижению стоимости билетов на скоростной поезд «Тұлпар-Тальго» №001/002 сообщением Ташкент – Алматы – Ташкент.

Напомним, сейчас национальный перевозчик осуществляет шесть рейсов в неделю из Нур-Султана в Ташкент. Еще шесть совершаются из Узбекистана. Кроме того, до 10 рейсов из Алматы в Ташкент и обратно.

Также открыт железнодорожный маршрут Ташкент – Алматы – Нур-Султан.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

СКЛАДЫ ДЛЯ KAZLOGISTICS

Генеральный директор Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» Ерлан Абсатов ознакомился с работой столичного логического центра SAPA Logistics.

Руководителю KAZLOGISTICS продемонстрировали логистический центр общей площадью более 4 гектар, который включает в себя около 24000 квадратных метров складов класса «А» и «В», крытый железнодорожный тупик и административно-бытовой комплекс.

Компания предоставляет широкий спектр складских услуг в столице по приемлемым ценам, обеспечив 130 миллионов тенге поступлений в бюджет города в виде налогов и других обязательных платежей.

– Успешное развитие бизнеса сегодня невозможно представить без современных транспортно-логистических центров и складов временного хранения, только в столице порядка 19 складов обеспечивают потребность города и близлежащих регионов, – отметил Ерлан Абсатов.

Роман ЛЮБИМОВ

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

САРЫАҒАШТЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Оңтүстіктегі Өзбекстанмен шекаралас Сарыағаш станциясында Қазақстан мен Өзбекстан теміржол әкімшіліктерінің өкілдері кездесіп, пойыздар қозғалысын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады, деп хабарлайды баспасөз қызметі.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ Бас директорының орынбасары Мұхтар Махамбет пен «Узбекистон темир йуллари» АҚ жүк және коммерциялық жұмыстар басқармасы басшысының орынбасары Махамаджон Усмоновтың қатысуымен өткен кеңесте елдер арасындағы жүк тасымалы көлемін арттыру бойынша шаралар, Сырдария мен Сарыағаш мемлекетаралық түйісу пункті жұмысының технологиялық процестерін жетілдіру туралы сөз болған.

Айта кетейік, екі ел арасындағы теміржол тасымалы соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен дамуда. Мысалы, 2018 жылдың қорытындысы бойынша Сарыағаш МАТП арқылы Өзбекстанға 7 мыңнан астам пойыз жөнелтілсе, шамамен 6700 – кері бағытта өткен. Ал биылғы жарты жылда Өзбекстанға 3400 астам пойыз жол тартса, кері бағытта – 3457 пойыз өткен, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 91 пойызға артық деген сөз. Алда әлі де жарты жыл бар екенін ескерсек, бұл көлем тағы да еселеп арта түспек.

Оның үстіне, Сарыағаш станциясын модернизациялау жұмыстары жүргізіліп, бірқатар құрылымдық жаңарту мен жаңғыруды бастан кешті. Техникалық ақаулары бар вагондарды ағытып алу, жылжымалы құрамның тұруы үшін жаңа жолдар салынып, ұзартылды және электрлендірілді. Бұл шекаралық станцияның екінші тынысын ашып, өткізгіштік қабілетін еселеп арттырды. Нәтижесінде станцияның жұмыс ауқымы да бірнеше есеге артып, соған орай штат саны да өскен.

«Біз станциялар жұмысы технологиясын үнемі жетілдіріп отыруға тырысамыз. Бұл Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Егер бұрындары Сарыағаш бойынша біз 22 пар пойыз алмассақ, енді жаңа технологиялық процесс бойынша тәулігіне 30 жұптан артық пойыз алмасу қарастырылуда», – деді басқосуда Мұхтар Махамбет.

Таратып айтар болсақ, 2005 жылы шекаралық түйіспе станциясы мәртебесіне ие болған Сарыағаш күні бүгінге дейін сол жылдары жасалған технологиялық процесс бойынша жұмыс жасап келді. Ол бойынша меже – тәулігіне 12 жұп пойыз алмасу еді. Бұл сол кездегі көлемге сай да болатын. Ал бүгін ше, қарыштап дамыған теміржол саласы, АСУ жүйесінің мүмкіндіктері, әлем елдері арасында жылдан-жылға өсіп жатқан тауар алмасу, контейнерлік тасымал, т.т. бір орында тоқтап тұруды көтермейді. Сарыағаш станциясының қуатын толықтай пайдалану қажет болды. «Станцияны дамыту жобасына орай осыдан бірнеше жыл бұрын қосымша жолдар құрылысы жүргізіліп, бірқатар жолдар ұзын құрамды пойыздар үшін ұзартылып, қыруар жұмыс жүргізілгенмен белгілі бір себептермен қолданысқа берілмей тұрған. Өткен жылдың соңында «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің тікелей басшылығымен сол жылдар бойы шешімін таппай тұрған мәселенің түйіні жазылыпты. Жолдар мен жаңа нысандар пайдалануға беріліп, қысылып тұрған станцияның тынысы кеңіп сала берді. Тек сол өткен жылдың желтоқсан айында жүк қабылдап-жөнелтуде рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік», – деп әңгімеледі Сарыағаш станциясының бастығы Нұрдәулет Байғазиев.

Міне, осыдан кейін 14 жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан қолданыстағы ескі технологиялық процесті жаңарту қажет болады. Сарыағаш модернизациядан өтпей-ақ екі ел пойыз алмасуды 18-20 жұпқа жеткізген болатын. Ал кешегі өткен басқосуда екі ел теміржолы әкімшілігінің басшылары осы мәселенің түйінін тарқатып, бұрынғы 12 жұп пойыз алмасудың орнына 30 жұп пойыз алмасуға шешім қабылдап, жаңа технологиялық процесті бекітті.

– Сарыағаштың бүгінгі қуаты үшін бұл – нақты көрсеткіш, орындалмайтын көлем емес. Жаңа жолдар пайдалануға берілмей, адымымыз ашылмай тұрғанның өзінде 25 пойызға дейін жеткен кездеріміз болды. Ал бүгінде станция қуаты да, мүмкіндігі де артты. Штат саны да еселеп өсіп, тек осы жұмыстар басталған бір жылдың ішінде 48 адам жұмысқа алынды. Олардың дені – құжаттармен жұмыс жасайтын, шекара асатын жүктерді қабылдап-тапсыратын кеңсе қызметкерлері және вагон қараушылар мен пойыз құрастырушылар. Бүгінде станцияда барлығы 238 теміржолшы еңбек етуде. Контейнерлік пойыздарды өткізуде де тәжірибеміз артты. Бүгінде тәулігіне 57-71 вагоннан тұратын 3 контейнерлік пойызды қабылдап, тағы соншасын жөнелтудеміз, – деді станция бастығы.

Өзбекстандық тарап та шекаралық бекеттердің өткізу қабілетін арттыру бағытында біраз жұмыс жасаған көрінеді. Олар өз кезегінде Түркістан облысы Мақтаарал ауданы бағытындағы Сырдария МАТП арқылы жүк тасымалы көлемін арттыруды жоспарлап отыр екен.

Меруерт ЕСЕНБЕК
Суретті түсірген Даниал ХАМИТ

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

ЭФФЕКТ ПРИМЕНЕНИЯ НАЛИЦО

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» завершились эксплуатационные испытания смазочного материала с использованием вагона-рельсосмазывателя конструкции ЗАО «Высокотехнологичные материалы» (ЗАО «ВТМ» РФ).

Асель ШАЙХЫНОВА

Проблема взаимодействия колеса и рельса является одной из наиболее значимых для успешной работы железнодорожного транспорта, и поэтому ее решению уделяется особое внимание. На участках железнодорожного пути с большим числом кривых, как известно, происходит повышенный износ гребней колесных пар локомотивов и головок рельсов. Это приводит к значительным расходам трудовых и материальных ресурсов, связанных с восстановлением колесных пар, заменой рельсов, к длительному простою подвижного состава.

За последние десятилетия происходят изменения как в техническом оснащении железнодорожного транспорта, так и в условиях вождения поездов. Локомотивы заменены на более мощную технику. В целях выполнения заданных показателей вес поезда поднят до предельно допустимых значений. Такие показатели, как вес поезда и нагрузка на ось практически исчерпаны по техническим параметрам локомотивов и условиям их эксплуатации. В этих условиях организация работы по лубрикации с целью сохранения и увеличения ресурса бандажа и рельсов имеет первостепенное значение.

На магистрали часто возникают различные проблемы, вызванные повышенным износом в паре колесо-рельс. При этом увеличение количества обточек колесных пар крайне негативно влияет на основные производственные показатели. Основными мерами, позволяющими существенно снизить износ колесных пар и рельсов, является, в частности, лубрикация.

Так, испытания были проведены на протяжении 6 месяцев в целях оценки технико-экономической эффективности применения опытных средств лубрикации зоны контакта колесо-рельс и принятия решения об их допуске к применению на сети железных дорог АО «НК «ҚТЖ» взамен используемых средств лубрикации в настоящее время.

– Испытания проводились на участке Жамбыл – Сарыагаш. На опытном участке были определены 30 контрольных кривых по 10 в каждой дистанции пути (ПЧ-52 Тулькубас, ПЧ-53 Шымкент, ПЧ-54 Арысь). При этом осмотр и обмеры колесных пар контрольной группы локомотивов в эксплуатации производились в соответствии с требованиями инструкции по формированию, ремонту и содержанию колесных пар тягового подвижного состава железных дорог колеи 1520 мм. Была создана рабочая группа, которая делала замеры и расчеты. Так, на каждой контрольной кривой опытного участка три раза в ходе испытаний лазерным рельсовым профилографом «ПРП» проводились измерения бокового износа головки рельса наружной нити, – рассказал ответственный за испытания – менеджер Технического центра отдела реализации и координации технической политики по хозяйству пути Азамат Абжалиев.

Данный опытный участок выбран неспроста – здесь имеется 886 кривых разного радиуса на протяженности 406 километров.

– Опытный вагон-рельсосмазыватель предназначен для нанесения смазки на внутреннюю боковую грань головки рельсов в кривых участках пути бесконтактным способом через форсунки в автоматическом режиме, – пояснил Азамат Абжалиев.

(Продолжение на 3 стр.)

Фото автора

АҚПАРАТ

АБАЙЛАҢЫЗ, АСА КӨЛЕМДІ ЖҮК!

Габаритті жүк тасымалдау бойынша әлемдік рекордты жаңартқан түбек теміржолшылары тағы бір сынақтан сәтті өтті. Өткен аптада Маңғыстау теміржолында көлемі шектен тыс габаритті жүк жөнелту жүзеге асырылды. Ерсай станциясынан және Ақтау портынан Құлсары станциясына дейін жоғары габаритті жүкті тиеп, тасымалдау жұмыстарын су және теміржол көлігі өкілдері үшін абыроймен атқарып шықты.

Маңғыстау ЖТ жол бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітовтің айтуынша, бұл жүктер «Теңізшевройл» ЖШС қажеттіліктеріне арналған. Н-0888 деңгейіндегі, төменгі тұсы габаритті, жоғары және тік бағыты жоғары габаритті жүктерді қабылдау мен теміржол тасымалдауды ұйымдастыру – жоғары жауапкерешілікті талап еткені айтпаса да түсінікті. Мұндай жүктердің тасымалы қозғалысшылардан жоғары біліктілік пен шеберлікті ғана емес, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін аса дәлдікті, сақтықты талап етеді.

– Аталған жүк тиелген пойыз таңертеңгілік Ерсай станциясынан жөнелтілді. Маңғыстау станциясына келген соң пойыз вагондарын тіркеу, ажырату бойынша маневрлік жұмыстар жасалды. Сосын пойыз Маңғыстау-Сайөтес телімі арқылы жөнелтіліп, барлығы 11 бөлек пункттің үстінен өтті. Пойыз күндіз жүріп, түнде сол бекеттердің бірінде тоқтатылды да, ертесіне әрі қарай сапарын жалғастырды, – дейді Е.Бүркітов.

Оның айтуынша, филиалда осындай жоғары габаритті жүктері бар жүк пойыздарын өткізуді ұйымдастыруда оң тәжірибе жинақталған. Мұндай тасымалдар көбіне мұнай кен орындарына керекті техниканы немесе жабдықтарды жеткізу қажет болғанда жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Мәселен, маңғыстаулық теміржолшылар үшін бұл алғашқы тәжірибе емес екенін айта кетейік, олар 2004 жылы 9 қарашада жоғары габаритті жүк тасымалдау бойынша әлемдік рекордты жаңартқан еді. Сол жылы маңғыстаулық теміржолшылар Ақтау портынан Құлсары станциясына көлемі 4 қабатты үймен бірдей жүкті тасымалдауды сәтті жүзеге асырған еді.

Ал биылғы жоғары габаритті жүкті жөнелтуде де ептілік көрсеткен теміржолшыларға Ерлан Бүркітов алғыс білдірді. Атап айтқанда, олардың қатарында пойыз машинисі Қажымұқан Кәрібаев, Берік Құлбарақов, маневрлік тепловоз машинистері Жанболат Жолмағамбетов, Ғидаят Ғасанов, пойыз құрастырушылар Дәулет Мұқашев, Сұңғат Өсербаев, Ұбайдулла Ермаков, Нариман Оразымбетов, станция кезекшілері Амангелді Қайыров, Әлібек Серікұлы, Мақсат Кемаладдин, Жанат Жұмахметова, Мейірбек Балтабаев, Аршағул Ділжанова, Жанаргүл Ғайсина, Исмаил Әлібеков, Мақсат Төлепов, Азамат Шамир, Жолдас Боранқұлов, Дания Берегенова, Талғат Атшыбаев, Жұмабай Бимағамбетов, Шолпан Бимағамбетова, ДСП операторы Анар Қаражанова, пойыз диспетчерлері Ерхан Есжанов, Есенжол Шабаев, Рахымжан Айтуаров, Шынар Таңатарова және бөлімше бойынша кезекшілер Дархан Нұрмолдин, Саламат Мұқашев сынды өз ісінің кәсіби мамандары бар.

Сонымен қатар А. Иреев, А. Айбергенов, Р. Жұмаханов, Ж. Багитов, Ж. Иксанов, Р. Такенов, Ж. Мұқашов, М. Жүнбасов, М. Берікбаев, А. Жүнбасов, Д. Атшыбаев, Б. Смағұлов, С. Әлжанұлы, Е. Бапанов сынды вагон қараушылар да үлесін қосты.

Ұлан ОРАЗ

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

28000

КИЛОМЕТРОВ ПУТИ ПРОВЕРЕНО НОВЫМИ МДК ЗА ДВА С ПОЛОВИНОЙ МЕСЯЦА

СҰХБАТ

Нұржан КЕЛБҰҒАНОВ:

«КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ ДЕГЕНІМІЗ – КЛИЕНТ ТАЛАПТАРЫНА ҚҰЛАҚ АСУ»

Мұнай және газ, металл, көмір және өнеркәсіптің өзге салаларындағы өндірістің сегменттерінде ірі компаниялардың жүктерін тасымалдаудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ алдында тұрған бүгінгі таңдағы міндет – жүк жөнелтушілермен жан-жақты жұмыс жүргізе отырып, тасымалды жүзеге асыруға қатысушыларды бір мүддеге жұмылдыру. Әр тараптың өзіндік кемшіліктерімен жұмыс істеп, ортақ тиімді шешімге келуі клиенттер үшін де, сол клиентке қызмет ететін тасымалдаушы компания мен өзге де мемлекеттік органдар үшін де уақыт пен табыстан ұтуда оң нәтиже беруі керек. Осы бағыттағы кешенді жоспар, жүйелі жұмыстар туралы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ тасымалдауды жоспарлау бойынша атқарушы директоры Нұржан Келбұғанов бірнеше сауалымызға жауап берген еді.

– Қоғам басшылығының тапсырмасымен қазіргі таңда аймақтарда клиенттерге бағдарлану бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар тасымалды ұлғайтуда қаншалықты нәтиже береді деп санайсыз?

– Иә, клиентке бағдарлану – бүгінгі таңдағы басты ұстанымымыз. Бұл – жүк жөнелтушілерге біздің көрсететін сервистік қызметіміз. Сол бағытта біраз кемшіліктер бар екенін анықтадық. Биыл компания бойынша клиенттердің теміржол қызметіне қанағаттанушылығына қатысты онлайн сауалнама жүргізілді. Соның барысында мәлім болғандай, 70 пайыз клиент өздерінің жоспарын орындап отыр. Ал орындай алмай отырған 30 пайызды зерттегенде, олар көбіне жүктің дайын болмауы, өз жұмыстарын дұрыс жоспарламауы, өз уақытында вагондарды рәсімдеп, құжаттарын дер кезінде тапсырмауы, клиенттер тарапынан кіреберіс жолдардың жабық болып қалуы, техникалық ақаулардың болуы сынды қиындықтармен байланысты туындағанына көз жеткіздік.

Осы мәселе бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының тапсырмасы бойынша жұмыс тобы құрылып, оған барлық департаменттің өкілдері кіргізілді, телефондарын сайтқа жүктеп, барлық ақпаратты қолжетімді етіп қойдық. Одан басқа сол телефон қоңырауларын тәулік бойына қабылдауға арнайы екі адам жауапты болды. Міне, содан бері аталған телефон нөмірлері бойынша бізге дер кезінде жүкті бермеу, теміржолшылардың дұрыс түсіндірмеуіне байланысты арыз-шағымдар түсіп жатыр. Ал біз ол мәселелерді айтылған сәттен бастап қарап, шұғыл шаралар қабылдау жұмыстарын жүргізудеміз. Бастапқы бір жұманың ішінде 28 сұрақ келіп түсті. Олардың бәрі өз уақытында шешілді.

Әрине, бұл жұмысты тек орталықтан жүргізу барлық мәселені шешпейді, сондықтан аталған бағдарламаны жүзеге асыру туралы бөлімшелерге тапсырмалар берілді. Филиалдар басшылары да өз кезегінде бұйрықтарын шығарып, клиентке бағдарлану бойынша жұмыстарды жүк тасымалы немесе шұғыл жұмыстар жөніндегі орынбасарларына жүктеуде. Теміржол тарапынан сервисті күшейту керек. Жүк жөнелтуші тауар кассиріне келгенде ол жерден барлық шаруасын шешіп кететіндей жағдай жасалуы қажет. Қандай мәселемен кімге хабарласу керектігі, телефондары жазылып тұруы тиіс. Маркетинг департаменті деген бар, сонда клиенттермен жұмыс жүргізу реті бұрыннан қарастырылған, бірақ біз оны басқаша жолға қойып отырмыз. Біздің айтарымыз – тауар кассирлері клиентті жылы жүзбен қарсы алып, әдемі жұмыс формасында, әдепті сөйлесіп, бейджигіне дейін тағулы тұруы тиіс. Себебі, бұл сервис қана емес, тауар кассирінің өзі – ұлттық компанияның бет-бейнесін білдіреді.

Ал сауалнама жауаптарына қарасаң, бір-екі клиент: «Біз теміржолға барғанда шаршаймыз, сыпайы сөйлемейді, дұрыс кеңес бермейді, тақырыпты басқа жаққа бұрып жібереді немесе жауап бере алмайды, себебі біліктілігі жетпейді» депті. Сондықтан алдағы уақытта қай жерде де клиенттерге бір жерден барлық ақпаратты алып, 2-3 күнде вагон тиеп кететіндей жағдай жасалуы керек.

Жол бөлімшелерінде де жұмыс тобы құрылуда. Бір клиентті болсын арттыру мақсатында әрбір мекемемен сөйлесу керек. Компания бойынша 20-30 шақты ең ірі деген жүк жөнелтушімен жұмыс жүргізу қажет. Мысалы, олардың бір жылдағы жұмыс көлемі қандай, былтыр қанша тиеді, биыл қанша тиейді? Қандай қиындықтары, сұрақтары, талаптары бар? Оларды қалай шешуге болады? Міне, бүгінгі таңда осыған қатысты жүйелі жұмыстар басталып кетті. Оны біз барлық әлеуметтік желілерден ақырындап көрсетіп жатырмыз. Кәсіпорындардан жауап алғаннан кейін мәселелерді зерттеп, тиісті департаментке тапсырма береміз. Бірде-бір сұрақ жауапсыз қалмайды.

– Еліміз бойынша көмір, астық, ұн және мұнай тасымалы басты орында екені белгілі. Аталған жүк түрлері тасымалымен байланысты кедергілерді атасаңыз және оны шешудің қандай жолдары қолға алынуда?

– Бұларды біз әлеуметтік маңызды жүктер деп атаймыз. Бұған да биыл өте көп көңіл бөлініп жатыр. Осы жылы көмір тасымалына қатысты маусымның ортасында барлық бекеттерді, меншік иелерін, министрліктерді шақырып үлкен жиналыс өткіздік. Алдын ала сол бағытта жұмысты бастап кеттік. Жылдағыдай тек күзде қарқын алмай, биыл жаздан бастап көмір тасымалы тұрақты жүріп жатыр. Бұл өз кезегінде бұрынғыдай маусымдық дүрбелеңге жол бермейді.

Ал астық жөнелтушілер алдын ала вагондарды дұрыс тиеуді жоспарласа, біз уақытында вагон беруге мүдделіміз. ҚТЖ-да вагон негізі жеткілікті, бірақ ол вагондардың айналымдағы қозғалысының бұзылуынан жетіспеушілік туындап кетеді. Яғни, белгілі кесте, реттілік бұзылғасын, сондай «ажиотаж» басталады. Бұған тек теміржолшылар ғана емес, өзге де осы процеске қатысушылар мүдделі болуы керек. Сондықтан, астық жөнелтушілермен кездесуді де биыл ерте бастадық. Міне, 19 шілдеде олармен жиын ұйымдастырудамыз. Ал әдетте мұндай басқосулар тамыз-қыркүйекке қалдырылатын. Ерте бастап жатқан себебіміз, элеваторларға да айтарымыз бар, олар жақсылап дайындалсын, былтыр олардың жұмысы бойынша жылжымалы құрамның жолдан шығып кетуі орын алды, элеваторларда жабдықтар бұзылды, тепловозда кемшіліктер болды. Соның бәрін алдын ала шақырып ескертеміз. Біріншіден, тиейтін жерлеріңізді дайындаңыздар, жүктеріңізді алдын

ала жоспарлауларыңыз керек дейміз. Жүк тасымалын ұйымдастыру стихиялы түрде болмауы керек. Айталық, бір клиент келеді де маған 30 вагон Өзбекстанға дейді, екіншісі келіп маған 3 күннен кейін сол елге 30 вагон бер дейді. Мұндай жағдайда екеуі қосылып, бір күнді белгілеп, Өзбекстанға жүкті қосылып бірге тиесе, оған да, бізге де тиімді болмақ. Сол жерде бағдар жасаймыз. Қазақстаннан жүк жақсы өтеді, кедергі жоқ, тәулігіне 800 км өтуге қазір шама бар. Әрі қарай белгіленген бағдармен ол жүк Өзбекстанға кіріп кетіп, ол жақта 7-8 тәулікте жүкті түсіріп, қайта шығып кету керек. Сонда біз жалпы айналымнан ұтамыз, бір вагон айына екі рет тиелсе, онда біз бүкіл жоспарлаған айналымды шығарып аламыз. Міне, астық жөнелтушілер және басқа да мүдделі органдар өкілдерімен жиналыста біз осындай «ньюанстарды» түсіндіріп айтып кеңінен әңгімелесіп, кеңесіп келіссек дейміз.

– Кешегі Шымкенттегі отырыста астық тасымалына ҚТЖ толықтай дайын екенін жеткіздіңіз. Дәл осы Шымкентте өткен жылы вагон жетіспеушілігіне байланысты айғайшу туындағаны белгілі. Биыл ондай келеңсіздік туындамасына кепілдік бар ма?

– Иә, Шымкент қаласында ірі жүк жөнелтушілермен кездестік, олар соңғы жылдағы вагондар жеткізілуіне рахмет айтты. 2017 жылы қиындау болғаны, вагондар жетпегені мәлім. Ал 2018 жылы бәрі жақсы болған. Біраз сұрақтар қойылды, бәріне жауап бердік. Кейбір сауалдарды осында келгесін басшылармен кеңесіп, жан-жаққа тапсырмалар беріп ситуацияны анықтап барып жауабын бердік. Астық тасымалына қатысты барлық аймақ, облыстарды аралап өттік. Енді соның қорытындысын жасап, нәтижесі бойынша департаменттерге тапсырма береміз. Қысқасы, 1 қыркүйекке дейін толық дайын болуымыз керек. Биыл астықтың көлемі аз болмайды, былтырғыдан кем емес. Сондықтан біз соған дайын болуға жағдай жасаудамыз.

– Жылжымалы құрамды тиімді пайдалану бойынша Қоғам тарапынан нақты қандай тетіктер қарастырылады?

– Вагондар тұрып қалмауы керек. Мысалы, біз астық вагонына өтінім береміз, бірақ сол вагон күнбе-күн тиеліп шықпайды. Ол 3 күннен 5 күнге дейін тұрып қалады. Неге дейсіз ғой? Біріншіден, оларды ресімдеу өте көп уақыт алады, жүк жөнелтушілер жүктерін тиеп алғаннан кейін карантинге қатысты сертификат алуға 2-3 күн, фитосантитарлық сертификатқа тағы 2-3 күн, сараптама актіне тағы сондай уақыт, экспортқа рұқсатнамаға 5 күн, ветеринарлық сертификатқа тағы біршама уақыт жұмсайды. Сол құжаттарды жинақтауға уақыт кеткені болмаса элеватордың кінәсі жоқ, екі сағатта бір вагонды тиеп береді. Бірақ олар вагонды тиеп болғаннан кейін апарып өлшейді, содан кейін барып әлгі құжаттарды жинай бастайды.

Екінші мәселе, демалыс және мейрам күндері элеваторлар жұмыс істемейді, ал жұмыс істесе, олар өз қызметтеріне екі есе тариф қояды. Ал біздің астық вагондарымыз кіреберіс жолда тегін тұрады. Сондықтан жүк жөнелтуші ақшасын есептеп отырып, элеваторға жүгімді тек жұмыс күндері тиеймін деп екі күн күтеді. Сөйтіп демалыста бүкіл жүк тиеу жұмыстары тоқтап қалады. Айналып келгенде зардап шегетін біз, біз ҚТЖ вагондарын тағы екі күн айналымнан жоғалтып аламыз. Текке тұрғанша олар тасымалға жегілсе, екі күнде біраз пайда табар еді ғой? Біз жергілікті әкімшілікке бұл мәселені айттық, элеваторлар өз шығынын жүк жөнелтушіге ілмеуі керек. Мысалы, теміржол саласы тәулік бойына, жыл бойына жұмыс істейді, жұмысшыларымызға зań бойынша сенбі, жексенбі жұмысқа шыққаны үшін екі есе ақшасын төлейміз, ол ақшаны жүк жөнелтушіден сұрап отырған жоқпыз ғой. Айналымды жоғалту деген осы. Ал біз үшін бірде-бір вагон бос тұрмауы керек. Мәселен, бір күн тиелсе, үш күн жүруі керек, бір күн түсірілсе, тағы үш күн қайтадан қайтып келуі керек. Сонда 8 күнде айналып келіп орнына тұра қалуы керек. Ал мына жағдайда айналымның нормативтік уақыты бұзылуда. Жүк жөнелтушілердің құжаттарын күтуі және элеватордың қызметін демалыс күндері пайдаланбауынан біздің вагондар бір күн емес, 3-5-7 күн босқа тұрады. Бұл жағдай тек бізге ғана емес, кезегін күткен басқа жүк жөнелтушілерге де қиындық келтіреді. Өйткені элеватор сыйымдылығы 30 вагон болуы мүмкін. Ал әлгі кәсіпорын 15-20 вагонмен кіреберіс жолды ұстап тұрады. Артынан станцияда кезекпен басқа вагондар тұрып қалады. Міне, осыдан келіп вагон жетіспеушілігін қолдан туғызамыз. Әрине, бұл бір жылдың көлемінде ғана пайда болған мәселе емес, қанша жылдан бері айтыла-айтыла жауыр болған мәселе, жүк жөнелту процесіне қатысушылардың бәріне таныс, әрбір басқосуда мәселені жан-жақты қарап, бәрімізге тиімді жолмен шешсек деген үмітіміз бар.

– Істеріңізге сәттілік!

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АҚПАРАТ

ЖОСПАРЛЫ КІРІС КӨЗІ

Биылғы жылы, яғни 2019 жылдың соңына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 5-7 жылға арналған тез жеткізуді талап ететін құны жоғары тауарларды жүк жөнелтушілермен атаулы жұмыс жүргізу бойынша маркетингтік жоспарлардың өзектілігі арта түседі деп болжануда.

Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл тасымалдау нарығы 4,5 млн контейнерді құрайды. Транзиттен түсетін кірістердің жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бірқатар тиімді шаралар қабылдауда. Ол жоспарлы кіріс көзін қамтамасыз етуге тиісті.

Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті өтпелі тариф пен автоматтандырылған цифрлық сервисті қалыптастыру бойынша да бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Бұдан басқа, электрондық сауда нарығының өсуі және Қытай халық республикасы мен Оңтүстік-Шығыс Азиядан Еуропаға пошта сәлемдемелерінің транзиті есебінен өсімді қамтамасыз ету де жоспарлануда екен.

Ұлан ОРАЗ

ДЕПОДА БАС ҚОСТЫ

Маңғыстау теміржолының басшылары вагон және локомотив шаруашылықтары бойынша депо ұжымдарымен кездесіп, қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу тәртібі туралы жиындар өткізуде. Өндірістің ортасында өткен шара қай жағынан да тиімді болғаны анық.

Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітовтің төрағалығымен өткен вагон пайдалану депосындағы отырыста шаруашылықтың өндірістік-пайдалану қызметінің, биыл 15-19 шілде аралығында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ жүргізген қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша кешенді ревизия қорытындысы, соның барысында анықталған кемшіліктермен жұмыстар жайы сөз болды. Ол туралы вагон шаруашылығы бойынша ревизор Берік Имашев, депо бастығы Сәрсенбай Есенқұлов, оның орынбасары Майлыбай Камалов және техникалық қызмет көрсету қосынының (ТҚКҚ) бастықтары бейнеулік Нұралы Қылышов, сайөтестік Жаңабай Түйебаев, маңғыстаулық Ерболат Сәулебаев, болашақтық Нұрсұлтан Аяпов, шетпелік Әлібек Шарқатбаев мәліметтер берді.

Жиын барысында әсіресе, жұмысшылардың техникалық білімін көтеруге, олардың өндірістік қызмет пен пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі мәселелерін реттеуге арналған басқару құжаттары талаптарын сақтауы мәселелеріне басымдық берілді. Жиын қорытындысында вагондарға сапалы техникалық қызмет көрсету және жасырын ақаулар мен бөлшектердегі ақауларды анықтау әдістері бойынша бейне материалдар түсіру туралы шешім қабылданды. Персоналдың технологиялық процесті қысқартуына жол бермеу үшін олардың өз міндеттерін сапалы техникалық қызмет көрсету арқылы орындауына күн сайынғы бақылаумен қамтамасыз ету тапсырылды.

Ал Маңғыстау локомотив пайдалану депосында өткен жиын «Қозғалыс қауіпсіздігіне ерекше назар» атты айлық аясындағы кешенді жоспар шараларға сәйкес өткізілді. Тексеру тобы депо бойынша кезекшілер мен жұмыс үлестірушілер орнына барып, отандық өнім ТЭ-33А-0094 (Evolution) сериялы жаңа тепловоздың экипаж бөлігі мен басқару кабинасына көтерілді. Депоның командалық-инструкторлық құрамы, локомотив бригадаларының қатысуымен өткен кеңейтілген жоспарлы отырыста депоның ағымдағы жылдың өткен мерзімі бойынша өндірістік-пайдалану қызметінің қорытындысы, жаппай жазғы жол жұмыстары кезінде пойыз-телімдерінің өткізгіштік және кіргізу қабілетін арттыру бойынша жасалған шаралар жайы қозғалды. Локомотив бригадаларының соңғы 5 жылдағы стандарттан тыс жағдайлар бойынша іс-қимылдарына баға беріліп, депоның ағымдағы жағдайын жақсарту жөнінде ұсынымдар жасалды.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ
Суретті түсірген автор

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖЕМІСІ

Биылғы жартыжылдықта Аягөз байланыс және белгі беру дистанциясының теміржолшылары үшін елеулі жаңалықтар орын алды. Атап айтсақ, Ақтоғай станциясынан Шарға дейінгі аралықтағы телім бойына қызмет көрсететін ШЧ-30 мекемесі байланыстың заманауи тәсілі – цифрлық жүйеге толық көшіріліп, озық технологиялармен жабдықталды. Бұл өз кезегінде өндіріс көрсеткіштерін жақсартып, тиімділік пен үнем әкелді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жаңа технологияны игеру бағытындағы шараларды жүзеге асыру аягөздік байланысшы-теміржолшылар үшін оңайға түскен жоқ, әрине. Ең алдымен белгілі бір жол айрықтарындағы байланыс құрылғыларын жаңарту қажеттілігі туындапты. Соның аясында бүгінде дистанция қарамағындағы барлық станциялар бойынша теміржолдағы цифрлық жүйе өзегі саналатын DX-500 жедел технологиялық байланыс жүргізу құрылғысы толығымен монтаждалып, орнатылды. Ендігі аралықта бөлімшедегі диспетчерлер байланысы бұрынғыдан да жақсарып, сапа тұрғысынан арта түскен.

Бір бұл емес, жол айрықтарындағы байланысшылар жұмысының сапасын арттыру мақсатында прожекторлық бағдаршамдарды заманауи линзалық белгі беру құрылғыларына алмастыру жұмыстары да жүргізілді. Міне, осы шараның аясында, 30-шы жол айрығындағы СЦБ құрылғысы жаңа модульдік типтегі нысанға ауыстырылған. Бұл жұмыстар өз кезегінде байланыс жүйесін жақсартып қана қоймай, қызмет барысына ыңғайлылық та тудырыпты.

Осы тәріздес жұмыстар желі бойындағы Үшбиік, Таңсық станцияларында да орын алды. Атап айтсақ, тақ және жұп бағыттағы КТСМ-02 жабдықтары да жаңадан салынған модульдерге көшірілген. Сол тәрізді ескірген реле шкафтары заманауи релелік жабдықтарға ауыстырылыпты. Мұндай шаралар Жүзағаш, Егізқызыл, 7-ші жол айрығы, Нарбота станциялары мен 27-ші жол айрығында да орнатылды.

Сонымен қатар, бүгінде желі бойындағы жұмыс сапасын арттыру үшін КТСМ-2 құрылғысының бірліктері қолданылуда. Бұл жабдықтау мен автоматтандыру бойынша қабылданған ауқымды жоспар аясында іске асып отыр. Жаңарту мен жаңғырту бағытындағы іс-шаралар әлі де жалғаса бермек. Оған білікті басшы Айдос Жұлдызбаев жетекшілік ететін аягөздік белгі беру-байланыс дистанциясынынң материалдық-базалық құрылымы толық мүмкіндік береді.

Тоқтала кетер жайт, Жаңғызтөбе, Желдіқара, Көшкентал, Қапанбұлақ, Алтынқолат сынды тағы бірқатар станциялар бойынша КПТШ-515 құрылғысы ТМ-15 пен ТМ-17 құрылғыларына ауыстырылды. Сондай-ақ,бірқатар жол айрықтарындағы пульттаблоларды жаңарту да керек болған еді. Ал ол үшін инженерлік-техникалық іс-шаралар жүргізуге қажетті арнайы кесте әзірленген-ді. Сондай-ақ, тірек бағаналармен тартылған кабельдер, антенналар да толығымен ауыстырылған. Бұл ретте негізгі салмақ радистерге түсіпті. Десек те, барлық жұмыс жоспарланған межелі мерзім ішінде толық тәмамдалған. Осылайша, бірінші кезекте цифрлық жүйеге көшудің алғышарты толықтай жасалыныпты.

– Теміржол саласын цифрландыру – ерте ме, кеш пе, бәрібір орын алатын шара. Уақыттың өзі осыған әкеліп отыр. Әрине, бұл жаңашылдықтың орын алуына біздің үлес қосып жатқанымызға қуанамыз, – дейді Аягөз белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары.

Міне, осылайша Ақтоғай-Аягөз, Жарма-Жаңғызтөбе-Шар телімдері толығымен жаңашыл технологияның игілігін көруде. Яғни, байырғы Түрксіб құрылысының бойы теміржолдағы байланыс саласы толық модернизациядан өтіп, жаңа дәуірге аяқ басты деген сөз.

Дистанция басшыларының айтуынша, мұндай жаңашыл шараның берері көп. Мәселен, пойыз диспетчері мен жол диспетчерін жол өткелдерімен байланысқа қосу, қумажол байланысын жақсарту, бір сөзбен айтқанда, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда жаңа мүмкіндіктерге тыңнан жол ашылды деген сөз.

Айта кететійік, жоғарыдағы жұмыстар ШЧ-30 мекемесі бойынша биылғы наурыз айында қызу қолға алынған болатын. Ағымдағы шілде айында толығымен аяқталды.

Суретті түсірген автор

ИНТЕРВЬЮ

СТРАТЕГИЯ ПРОДВИЖЕНИЯ - ДЕЛО КАЖДОГО

В АО «НК «ҚТЖ» активно запускаются проекты по прозрачному поиску и подбору кадров, трудоустройству на работу, вводится программа лидерства для руководителей. О том, что у любого желающего есть возможность устроиться на работу в нацкомпанию, о кадровой политике ҚТЖ, новшествах корпоративной культуры рассказала управляющий директор по HR (директор по управлению персоналом) АО «НК «ҚТЖ» Тамила Микулич.



Асель ШАЙХЫНОВА

– Тамила Борисовна, как известно, АО «НК «ҚТЖ» – это самый крупный работодатель в реальном секторе экономики страны. Расскажите, пожалуйста, о новшестве – пилотном проекте по поиску и подбору персонала.

– Наш пилотный проект – это одна из наших главных побед. Не секрет, что к ҚТЖ сейчас со стороны общественности, госорганов много претензий по бытовой коррупции с точки зрения непрозрачных решений по приему работников. В некоторых телевизионных сюжетах даже озвучивались суммы для устройства на работу в компанию. В ответ на все эти нарекания мы запустили полностью централизованный прозрачный проект. Мы все наши вакансии пока в трех регионах (Шымкент, Алматы и Атырау), публикуем на джоб-порталах (HeadHunter.kz и Rabota.Nur.kz, Enbek.kz) на двух языках. И у любого кандидата, будь то внешний или внутренний, есть возможность зарегистрироваться на сайте и откликнуться на нашу вакансию. Главная суть в том, что если кандидат откликается на вакансию, то он видит свой статус по прохождению конкурса. Таким образом мы отвечаем на самую большую претензию, помимо коррупционной составляющей, когда нам говорят, что «я отправил резюме и – тишина». Здесь каждый кандидат сам держит руку на пульсе, понимает, как продвигается его кандидатура, онлайн видит этап прохождения своей заявки – посмотрели ли его резюме, прошел ли тестирование, какие были высказаны замечания.

